

Қазақстан Республикасының
Жоғарғы Соты Төрағасы
Асанов Ж.Қ. мырзаға

Алматы қалалық адвокаттар
алқасының адвокаты
Бахтиярқызы А.
Мекен-жайы: Алматы қаласы,

АЛҒЫС ХАТ

Құрметті Жақып Қажыманұлы!

Аталған хатпен, ең алдымен Сізге, одан кейін Алматы облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Бакытов Адлет Бакытовичке қызметтік міндеттерін адал атқарғаны, қылмыстық істі сотта қараудағы жауапкершілігі және аса ауыр санатты қылмысты сотта жан-жақты, заңды тергеп, әділ үкім шығарғаны үшін зор алғысымды және ризашылығымды білдіруге рұқсат етіңіз.

Елімізді дүр сілкіндірген жеткіншек қыз Қызғалдақтың оқиғасы бәріміздің есімізде. 14 жасында өзіне белгісіз үш жігіттен зорлық көрген жеткіншек сол оқиға нәтижесінде жүктілікке ұшырап, 15 жасында сәбиді дүниеге әкелуге мәжбүр болған. Бұдан бөлек, бұл факті бойынша қылмыстық іс 2016 жылы аяғына дейін жетпей, белгісіз себептермен қысқарып қалған. Анасынан ерте айырылып, өмірінде түрлі қиындықты көріп өскен Қызғалдақ, жасы кәмелетке тола салысымен әділдік іздеп, өз құқығын қорғауды жөн көрген. Бұл оқиғаны естіген соң, мен заңгер ретінде құқықтық тегін көмегімді беруге шешім қабылдадым.

Содан 2020 жылдың көктемінде кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімді зорлау фактісі бойынша Алматы облысы Райымбек ауданының прокуратурасына тергеушінің қылмыстық істі қысқарту туралы қаулысының күшін жойып, істі қылмыстық қудалау жөнінде шағым жазған едік. Алайда аудан прокуратурасы ол шағымды қанағаттандырусыз қалдырып, кейін ҚР Бас прокуратурасына жүгінген болатынбыз. Нәтижесінде тергеушінің аталған қаулысының күші жойылып, қылмыстық іс қайта қудаланып, Алматы облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында Бакытов Адлет Бакытовичтің төрағалық етуімен қаралды. Қазіргі таңда соттың заңдық күшіне енген айыптау үкімі бар, кінәлілер жазасын алды, әділдік орнады.

Осы жолда Алматы облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Бакытов Адлет Бакытовичтің

еңбегін елеп өту қажет. Қылмыстық істі толықтай ҚР Қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес жүргізіп, әр адвокат-қорғаушының, адвокат-өкілдік етушінің өтінішхаттарын толықтай уақытылы қарап, іске қатысты барлық дәлелдемелер мен мән-жайларды зерттеп, барлық куәлерден, іске қатысушы тұлғалардан жауап алып, әділ бағасын берді.

Осыдан 5 жыл бұрын белгісіз себептермен жан-жақты тергелмей, қысқарып қалған, өте күрделі қылмыстық істі қайта қудалап, соңына дейін жеткізіп, әділдік орнатуда Бакытов Адлет Бакытовичтің қосқан үлесі зор.

Аталған судьяның кәсібилігінің арқасында әділдік орнап, тиістілер жазаларын алды. Сондықтан елімізде Бакытов Адлет Бакытович сияқты кәсіпқойлардың барынша көп болуын шын жүректен тілеймін. Мұндай тұлғалар шын мәнінде басшылық тарапынан мадақтауға лайықты.

Құрметпен,
Алматы қалалық адвокаттар
алқасының адвокаты



Бахтиярқызы А.